

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**МЕЛИОРАТИВТІК АРНАЛАР ҮШІН ЖЕР
ТЕЛІМІН БӨЛУ**

ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ МЕЛИОРАТИВНЫХ КАНАЛОВ

**ҚР ЕЖ 3.04-113-2014
СП РК 3.04-113-2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсам Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолит Строй-2011» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Монолит Строй-2011»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 МЕЛИОРАЦИЯ КАНАЛДАРЫ ҮШІН ЖЕР БӨЛУ БЕЛДЕУЛЕРІН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	3
4.1 Жалпы ережелер	3
4.2 Жер учаскелерін таңдау, бөлу (беру) жөніндегі негізгі ережелер	3
4.3 Қорғау аймақтары жерлерінің көлемін, пайдалану режимін белгілеу тәртібі	4
4.4 Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың негізгі ережелері	14
4.5 Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің және өзге де жылжымайтын мүліктің құнын өтеу мөлшері.....	15
4.6 «Бөліп беру белдеулерінің жобасы» тарауының құрамы	17
Қосымша А (ақпараттық) Бастапқы мәліметтерді талдауға және жинауға арналған нысандар.....	19
БИБЛИОГРАФИЯ.....	Ошибка! Закладка не определена.

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық базаны реформалау шеңберінде әзірленді. Осы құжат ресми түрде танылған және өзін тәжірибеде ақтаған және қолданылатын, мелиорация каналдарының құрылысын салу (қайта құрылымдау, жаңарту) үшін жер бөлу белдеулерін жобалау жөніндегі жоба тарауын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамаларының міндетті талаптарын орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиімді шешімдер көрсеткіштерін нормалайтын қағидалар мен ережелерді қамтиды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕЛИОРАТИВТІК АРНАЛАР ҮШІН ЖЕР ТЕЛІМІН БӨЛУ

ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ МЕЛИОРАТИВНЫХ КАНАЛОВ

Енгізілген күні 2015–07–01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы судың өткізу қабілеті 10 м³/с аспайтын мелиорация каналдары үшін (суару, су жинағыш-ағызғыш, құрғататын, коллекторлы-дренаждау) мерзімсіз (тұрақты) және уақытша (құрылыс кезеңінде) пайдалануға берілетін жер белдеулерінің енін белгілейді.

1.2 Мелиорация каналдары үшін жерді таңдау және бөліп беру кезінде Қазақстан Республикасының Жер кодексін, ҚР Экологиялық кодексін, табиғат қорғау нормативтерін, ережелері мен стандарттарын, сонымен қатар жер қатынастарын реттейтін басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Су кодексі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-ІІ ҚРЗ Жер кодексі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477 Орман кодексі.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-ІІІ Экологиялық кодексі.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-ІІ Заңы.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-ІV Заңы.

ҚР ЕЖ 3.04-112-2013 Мелиоративтік жүйелер мен имараттар.

МЕМСТ 26967-86 (СТС ЭВ 5183-85) Гидромелиорация. Терминдер мен анықтамалар.

МЕМСТ 7.5.3.06-85 Жер табиғатын қорғау. Жерді рекультивациялау.

МЕМСТ 17.5.03-78 Биологиялық рекультивация.

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативтерді қолдану барысында сілтеме жасалған құжаттардың күшін ағымдағы жылға арналған жыл сайын жасалатын ақпарат көздерінен «Қазақстан Республикасы аумағында

ҚР ЕЖ 3.04-113-2014

қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесінен», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары көрсеткішінен» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткішінен» тексерген дұрыс. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді қолдану барысында ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалған құжат өзгертусіз жойылған болса, онда сілтеме жасалған ереженің сілтемеге қатысы жоқ бөлігі қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамаларымен мына терминдер қолданылады:

3.1 Жер бөліп беру: Кәсіпорындың, ғимараттар мен имараттардың құрылысына, пайдалануға және дамытуға қажетті жерді жер заңнамасына сәйкес, нормативтік құжаттар белгілейтін тәртіппен және көлемде беру.

3.2 Жер учаскесінің шекарасы: Сызық және жер пайдалану мен жер иеленуді бөлетін осы сызық бойы өтетін тік жазықтық.

Сызықтық объектіні орналастыру аймақтарының шекарасы: Сызықтық объектіні жоспарлы орналастыру аймағының қала құрылысы талаптарына сәйкес белгіленетін сыртқы шекарасы (тұрақты бастапқы және соңғы нүктелерімен).

Жерді ерекше шарттармен пайдалану аймақтары: Аймақтарды белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне олардың шегінде шек қойылатын немесе тыйым салынатын жерлер.

Жерді ерекше шарттармен пайдалану аумақтары: Аймақтарды (санитарлық-қорғау аймақтары СҚА) белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне олардың шегінде шек қойылатын немесе тыйым салынатын жерлер.

Жерді ерекше шарттармен пайдалану аймақтарына: бас саға құрылыстарын қорғау аймақтары, магистральды құбыр жолдарының күзет аймақтары, су күзету аймақтары мен белдеулері жатады.

Сызықтық объектіні жоспарлы орналастыру аймағы: Сызықтық объектіні жоспарлы орналастыруға арналған аумақ және соған қатысты аумақты жоспарлау жобасында жер учаскесін пайдалану режимі белгіленіп, шекарасына енгізілген және оның шегінде сызықтық объектіні орналастыру нысанын таңдау мен бөлу белдеулерін белгілеуді жүзеге асырады.

3.3 Гидромелиорация: Жердің су режимін реттеу арқылы жердің ауылшаруашылық пайдалануының табиғи жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін іс-шаралар мен имараттар жиынтығы.

3.4 Гидромелиорация жүйесі: Жерді гидромелиорациялау үшін имараттар мен техникалық құралдар өзара әрекеттестігінің кешені.

3.5 Гидромелиоративті атыз: далада салынатын және ауылшаруашылығы машиналары өте алатын мелиоративті тордың уақытша арнасы.

3.6 Жерді мелиорациялау: Жердің су, жылу, ауа және қоректілік режимін реттеу, сақтау және оның құнарлығын арттыру мен пайдаланатын жердің экологиялық теңдестірілген рационалдық құрылымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асатын гидротехникалық, мәдени-техникалық, химиялық, агротехникалық, агроармантехникалық, басқа да мелиорациялық іс-шаралар кешені.

3.7 Мелиорацияланған жерлер: Жобалау құжаттамасы бекіткен белгіленген

тәртіпке сәйкес мелиорациялық іс-шаралар кешені жүргізілген пайдалы жерлер.

3.8 Мелиорациялық іс-шаралар: Жердің химиялық және физикалық қасиетін жақсартуға, жайылымды суландыруға, қорғаушы орман алқаптарын отырғызуға, мәдени-техникалық жұмыстарды жүргізуге, су режимі мен инженерлік-геологиялық жағдайлары жағымсыз жерлерді жақсартуға, мелиорация жүйелерін жобалауға, салуға (қайта құралымдауға) және пайдалануға, сондай-ақ осы жұмыстардың ғылыми, ұйымдастырушылық және өндірістік-техникалық қамтамасыз етілуіне бағытталған жұмыстар.

3.9 Мелиорация жүйесі: Құрамында мелиоративті каналдар желісі, құбырлар (суғару, құрғатқыш, құрғатқыш-дымқылдатқыш, коллекторлы-кәріздеу) сияқты жекеленген объектілерді қамтитын гидротехникалық имараттар мен сорғы технологиялық тұрғыдан толық инженерлік инфрақұрылым және де олардың өзара әрекеттестігі мелиорацияланған жерлерде топырақтың су, жылу, ауа және қоректілік режимін басқаруды қамтамасыз етеді.

3.10 Суғару және құрғатылмалы жерлердің мониторингі: Мелиоративті жерлер мен мелиорация жүйелерінің жағдайы, олардың су балансы туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтау мен беруді, сонымен қатар мелиоративті іс-шаралардың қоршаған ортаға тигізер әсерін талдауды, бағалау мен болжауды қамтитын арнайы жұмыстар кешені.

4 МЕЛИОРАЦИЯ КАНАЛДАРЫ ҮШІН ЖЕР БӨЛУ БЕЛДЕУЛЕРІН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Ережелер желілік объектілердің – мелиорация каналдарының жер белдеулерін таңдау және олардың енін белгілеу, оның шекарасына кіргізілген және соның шегінде желілік объектіні орналастыру нұсқаларын таңдау, қорғау аймағын белгілеу, орындауға міндетті болып табылатын басқа да талаптары жүзеге асырылатын жер учаскелерін пайдалану режимін белгілеу талаптарын қамтиды.

Мелиорация каналдарын пайдалануға қатысы бар нақты жабдыққа, құралға, материалға, процеске арналған талаптар осы ережелерге енгізілмейді және олар жаңа жобаларды жобалауға немесе қолданыстағы жобаны қайта құрылымдауға және оларды пайдалануға арналған нұсқау мен нұсқамаларда көрсетілуі тиіс.

4.2 Жер учаскелерін таңдау, бөлу (беру) жөніндегі негізгі ережелер

4.2.1 Мелиорация каналдары үшін жерді таңдау, беру және пайдалану кезінде: Қазақстан Республикасының Жер, Су, Орман, Азаматтық, Экология Кодекстері, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс туралы» Заңы, қолданыстағы ережелер мен басқа нормативтік құқықтық актілер сақталуы тиіс.

4.2.2 Мелиорация каналдары үшін жер учаскелері жобалау-техникалық құжаттамаға, Қазақстан Республикасының нормативтік және заң актілеріне сәйкес беріледі.

4.2.3 Мелиорация каналдарының құрылысы үшін жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар құрған арнайы комиссия жүзеге асыратын алдын ала жер учаскесін таңдау жүргізіледі.

ҚР ЕЖ 3.04-113-2014

4.2.4 Қазақстан Республикасының Жер кодексімен белгіленген, атап айтқанда, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін иеліктен мәжбүрлеп шығару, оның ішінде сатып алу жағдайларынан қоспағанда, меншік иесінен жер учаскесін және жер пайдаланушыдан жер пайдалану құқығын олардың келісімінсіз алып қоюға жол берілмейді.

4.2.5 Мелиорация каналдарының құрылысы үшін, қажет болған жағдайда оның қорғау аймағын белгілеу үшін жер учаскесін таңдау қорытындысын облыстың, әкімшілік ауданның өкілетті органының жер учаскесін таңдау туралы актісімен ресімделеді. Осы актіге жер таңдаудың мүмкін деген нұсқаларына сәйкес әр жер учаскесі шекарасының жобалары қоса тіркеледі.

4.2.6 Жер таңдау актілерінің актілері мен жер учаскесі шекарасының жобалары комиссияның қарауына және қорытынды шығаруына ұсынылады. Комиссия қорытындысының негізінде жерге құқық беру туралы жерге орналастыру жобасы дайындалады.

4.2.7 Жерге орналастыру жобасының құрамында берілетін жер учаскесінің аумағы, оның шекарасы мен орналасқан жері, жер учаскесінің сабақтас меншік иелері мен жер пайдаланушылары, сонымен қатар берілетін жер учаскесінің ауыртпалықтары мен сервитуттары айқындалады.

4.2.8 Жер учаскелерін болжалды алып қою, иеліктен мәжбүрлеп шығару, оның ішінде мемлекет мұқтажы үшін сатып алу жағдайында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар (жалға алушылар) залалының, алынатын алқаптың түріне байланысты ауылшаруашылық және орман шаруашылығы өндірісі шығынының есебі қоса тіркеледі.

4.2.9 Жерге орналастыру жобасының негізінде облыстың, әкімшілік ауданның өкілетті органы жер учаскесі орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органның жерге тиісті құқық беру туралы шешімінің жобасын әзірлейді.

4.2.10 Мелиорация каналдарының қызметін және (немесе) пайдалануын қамтамасыз етуге берілген жерлер ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер болып танылады. Мелиорация каналдарын дамыту, құрылысын жүргізу мен қайта құрылымдау үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасында қарастырылған тәртіпте жерді резервке қалдыру жүзеге асырылуы мүмкін.

4.2.11 Жерді уақытша пайдаланушылар мелиорация каналдарына зиян келтірмей нысаналы мақсатына сәйкес бөлінген белдеулер шегінде оларға ақылы пайдалануға берілген жер учаскелерін пайдаланады. Жерді уақытша пайдаланушылар бөлінген белдеулер шегінде нормативтік-құқықтық құжаттармен белгіленген бөлінген белдеулер жерін пайдалану режимі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

4.3 Қорғау аймақтары жерлерінің көлемін, пайдалану режимін белгілеу тәртібі

4.3.1 Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін иеліктен мәжбүрлеп шығару мынадай болу мүмкін:

- 1) тұрақты (тұрақты жоғалту) – бөлу белдеулері үшін;
- 2) уақытша (уақытша жоғалту) – құрылыс кезінде алынатын және топырақ құнарлығын қалпына келтіргеннен кейін қайтаруға жататын жерлер.


4.3.2 Бөлу белдеулерінің шегіндегі жер учаскелерінің шекарасы белгіленген тәртіппен бекітілген жер бөлу, қала құрылысы мен жобалау құжаттамасы нормаларына сәйкес анықталады және жергілікті жерде арнайы белгілермен белгіленеді. Бөлу белдеулерінің көлемін өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асады.

4.3.3 Мелиорация каналдарының келесі құрылысы үшін жер белдеулерінің берілуі жобада қарастырылған құрылыс кезегіне және қолданыстағы ережелерге сәйкес құрылыстың алдыңғы кезегіндегі топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң келесі учаскелермен ресімделеді.

4.3.4 Су өткізу қабулеті 10 куб.м/с астам каналдар үшін, жарылу әдісімен жасалатын, сонымен қатар көшкін мен тасқынға ұшырағыш аудан және елді мекен арқылы өтетін каналдар үшін жер бөлу белдеуінің ені белгіленген тәртіппен бекітілген жобамен анықталады.


4.3.5 Мемлекеттік орман қорының бағалы орман өсімдіктері бар жерлерінде салынатын мелиорация каналдары құрылысының жобаларында қабылданатын жер бөлу белдеулерінің ені қарамағында сол ормандар бар органдармен келісіледі.

4.3.6 Мелиорация каналдары үшін жер белдеулерін жобамен қарастырылған құрылыс кезегіне сәйкес жұмыс өндірісі кезеңінде учаскелердің ауылшаруашылық дақылдары егілмеген жерлерінен бөлу қажет [3].



1-сурет. Шұңқырдағы каналдың көлденең қимасы


4.3.7 Мелиорация каналдары үшін мерзімсіз және уақытша пайдалануға берілетін жер белдеулерінің ені олардың көлеміне байланысты, каналдар үшін қабылданады, өтетіндер: шұңқырда (2-сурет) – 1-кесте бойынша, жартылай шұңқырда (3-сурет) – 2-кесте бойынша, жартылай үймеде (3-сурет) – 3-кесте бойынша және үймеде (4-сурет, в) – 4-кесте бойынша.



2-сурет. Каналдың көлденең қимасы


жартылай үймеде $(h_n \geq \frac{h_{стр}}{2})$;

жартылай шұңқырда $(h_d \geq \frac{h_{стр}}{2})$;



3-сурет. Үймедегі каналдың көлденең қимасы

4.3.8 Науалық суландыру желісі үшін мерзімсіз пайдалануға берілген жер белдеулерінің ені (сурет 4, г) науаның (параболалық, жартылай дөңгелек және эллиптикалық қималы) биіктігі 0,4 м – 7 м, науаның биіктігі 0,6 метрден 0,8 метрге дейін және науаның биіктігі 1 метрден 1,4 – 9 метрге дейін болғанда қабылдануы тиіс.



5-сурет. Науаның көлденең қимасы

1. *B* — тұрақты пайдалануға бөліп беретін жер белдеулерінің ені
2. *L* — уақытша (құрылыс кезінде) пайдалануға бөліп беретін жер белдеулерінің ені.

Ескертпе – Науалық желі үшін бөліп беретін жер белдеуінің еніне сақтандырғыш белдеуі мен пайдалану жолдары салынатын жер енгізілуі тиіс.

Пайдалану шарттары бойынша канал бойымен жол жүру керек болған жағдайда қосымша бөлінетін жердің аумағы жобамен анықталады.

1-кесте – Шұңқырдағы жер белдеуінің ені

Канал параметрі			Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
түбі бойынша ені, м	стg а	кұрылыс тереңдігі $h_{кұр.}$, м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5
0,4	1,0	0,5-тен 1,0-ге дейін	3,5-тен 4,5-ке дейін	9,0-дан 11,0-ге дейін
0,4	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,0-тен 5,5-ке дейін	10,0-на 12,0-ге дейін
0,4	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	4,0-тен 6,5-ке дейін	11,0-ден 15,0-ге дейін
0,4	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	5,5-тен 8,5-ке дейін	14,0-тен 20,0-ға дейін
0,6	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	3,5-тен 4,5-ке дейін	14,0-тен 16,0-ға дейін
0,6	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,0-тен 5,5-ке дейін	15,0-тен 17,0-ге дейін
0,6	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	4,5-тен 6,5-ке дейін	16,0-дан 19,0-ға дейін
0,6	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	5,5-тен 8,5-ке дейін	17,0-ден 22,0-ге дейін
0,8	1,0	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,0-тен 5,0-ке дейін	14,0-тен 17,0-ге дейін
0,8	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,5-тен 6,0-ға дейін	15,0-тен 19,0-ға дейін
0,8	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	5,0-тен 7,0-ге дейін	17,0-ден 22,0-ге дейін
0,8	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	6,0-дан 9,0-ға дейін	19,0-дан 27-ге дейін
1,0	1,0	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,0-тен 5,0-ке дейін	15,0-тен 17,0-ге дейін
1,0	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	4,5-тен 6,0-ға дейін	16,0-дан 19,0-ға дейін
1,0	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	5,0-тен 7,0-ге дейін	17,0-ден 21,0-ге дейін
1,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	6,0-дан 9,0-ға дейін	19,0-дан 25,0-ке дейін
1,0	1,5	2,0-ден 3,0-ке дейін	8,0-ден 12,0-ге дейін	25,0-тен 30,0-ға дейін
1,5	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	5,5-тен 7,5-ке дейін	20,0-дан 23,0-ке дейін
1,5	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	6,5-тен 9,5-ке дейін	22,0-ден 26,0-ға дейін
1,5	1,5	2,0-ден 3,0-ке дейін	9,5-тен 12,5-ке дейін	26,0-дан 31,0-ге дейін
1,5	2,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	11,5-тен 15,5-ке дейін	23,0-тен 35-ке дейін
2,0	1,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	6,0-дан 8,0-ге дейін	22,0-ден 25,0-ке дейін
2,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	7,0-ден 10,0-ға дейін	24,0-тен 28,0-ге дейін
2,0	1,5	2,0-ден 3,0-ке дейін	10,0-нан 13,0-ке дейін	28,0-ден 33,0-ке дейін
2,0	2,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	12,0-ден 16,0-ға дейін	31,0-ден 37-ге дейін
2,5	1,5	2,0-ден 3,0-ке дейін	10,5-тен 13,5-ке дейін	30,0-ден 35,0-ке дейін
2,5	2,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	12,5-тен 16,0-ға дейін	33,0-тен 40,0-қа дейін
3,0	1,5	2,0-ден 3,0-ке дейін	11,0-ден 14,0-ке дейін	32,0-ден 38,0-ге дейін
3,0	2,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	13,0-тен 17,0-ге дейін	38,0-ден 45,0-ке дейін

2-кесте – Жартылай шұңқырдағы жер белдеуінің ені

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
түбі бойынша ені, м	ctg a_1	ctg a_2	құрылыс тереңдігі $h_{құр.}$, м	шұңқыр тереңдігі $h_{ш.}$, м	бөгет ені үстінен a , м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
0,4	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,0	10,0
0,4	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін		12,5-тен 11,5-ке дейін	16,0-дан 12,0-ге дейін
0,4	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	12,0
0,4	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,5-тен 12,5-ке дейін	20,0-дан 16,0-ға дейін
0,6	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,0	11,0
0,6	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 11,5-ке дейін	19,0-дан 13,0-ге дейін
0,6	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	13,0
0,6	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 12,5-ке дейін	22,0-ден 16,0-ға дейін
0,8	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	23,0
0,8	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 12,0-ге дейін	25,0-тен 24,0-ке дейін
0,8	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	16,5-тен 11,0-ге дейін	31,0-ден 27,0-ге дейін
0,8	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	12,0	24,0
0,8	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 13,0-ке дейін	27,0-ден 25,0-ке дейін
0,8	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	18,5-тен 16,0-ға дейін	35,0-тен 32,0-ге дейін
1,0	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	25,0
1,0	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 12,0-ге дейін	27,0-ден 25,0-ке дейін
1,0	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	16,5-тен 14,0-ке дейін	32,0-ден 28,0-ге дейін
1,0	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	12,0	26,0
1,0	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 13,0-ке дейін	28,0-ден 27,0-ге дейін
1,0	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	17,0-ден 16,0-ға дейін	35,0-тен 31,0-ге дейін
1,5	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,5-тен 12,5-ке дейін	31,0-ден 30,0-ға дейін
1,5	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	17,0-ден 14,5-ке дейін	35,0-тен 32,0-ге дейін
1,5	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,5-тен 1,5-ке дейін	32,0-ден 31,0-ге дейін

2- кесте – Жартылай шұңқырдағы жер белдеуінің ені (жалғасы)

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
түбі бойынша ені, м	ctg a ₁	ctg a ₂	құрылыс тереңдігі h _{құр.} , м	шұңқыр тереңдігі h _{ш.} , м	бөгет ені үстінен a, м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
1,5	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	19,0-дан 16,5-ке дейін	37,0-ден 34,0-ке дейін
1,5	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	25,5-тен 21,5-ке дейін	40,0-тан 38,0-ге дейін
2,0	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	4,0	16,0-дан 15,0-ке дейін	35,0-тен 34,0-ке дейін
2,0	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	20,0-дан 17,0-ге дейін	40,0-тан 37,0-ге дейін
2,0	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	21,5-тен 19,0-ға дейін	42,0-ден 39,0-ға дейін
2,0	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	26,0-дан 22,0-ге дейін	46,0-дан 42,0-ге дейін
2,0	2,0	2,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	25,0-тен 21,0-ге дейін	45,0-тен 41,0-ге дейін
2,0	2,0	2,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	31,0-ден 25,0-ке дейін	50,0-ден 41,0-ге дейін
2,5	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	22,0-ден 20,0-ға дейін	43,0-тен 40,0-қа дейін
2,5	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	27,0-ден 22,5-ке дейін	52,0-ден 44,0-ке дейін
2,5	2,0	2,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	25,5-тен 21,5-ке дейін	50,0-ден 43,0-ке дейін
2,5	2,0	2,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	31,5-тен 25,5-ке дейін	60,0-тан 50,0-ге дейін
3,0	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	22,5-тен 20,0-ға дейін	49,0-дан 45,0-ке дейін
3,0	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	27,0-ден 23,0-ке дейін	57,0-ден 48,0-ге дейін
3,0	2,0	2,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	26,0-дан 22,0-ге дейін	55,0-тен 47,0-ге дейін
3,0	2,0	2,0	3,0	1,5-нан 2,9-ға дейін	4,0	32,0-ден 26,0-ға дейін	65,0-тен 55,0-ге дейін

3-кесте – Жартылай үймедегі жер белдеуінің ені

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
түбі бойынша ені, м	ctg a ₁	ctg a ₂	құрылыс тереңдігі $h_{кұр.}$, м	үйме тереңдігі $h_{ү.}$, м	бөгет ені үстінен a , м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
0,4	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,0	20,0
0,4	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	12,5-тен 14,0-ке дейін	22,0-ден 24,0-ке дейін
0,4	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	21,0
0,4	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,5-тен 15,0-ке дейін	23,0-тен 25,0-ке дейін
0,6	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,0	20,0
0,6	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 14,0-ке дейін	23,0-тен 24,0-ке дейін
0,6	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	21,0
0,6	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 15,0-ке дейін	24,0-тен 25,0-ке дейін
0,8	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	21,0
0,8	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 14,0-ке дейін	23,0-тен 24,0-ке дейін
0,8	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	26,5-тен 19,0-ға дейін	27,0-ден 30,0-ға дейін
0,8	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	12,0	21,0
0,8	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 15,0-ке дейін	21,0-ден 25,0-ке дейін
0,8	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	18,5-тен 21,0-ге дейін	30,-дан 33,0-ке дейін
1,0	1,0	1,5	0,5	0,3	3,0	11,5	22,0
1,0	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,0-тен 14,5-ке дейін	26,0-дан 30,0-ға дейін
1,0	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	16,5-тен 19,5-ке дейін	35,0-тен 43,0-ке дейін
1,0	1,5	1,5	0,5	0,3	3,0	12,0	23,0
1,0	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,0-тен 15,5-ке дейін	29,0-дан 33,0-ке дейін
1,0	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	18,5-тен 21,5-ке дейін	40,0-тан 48,0-ге дейін
1,5	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	13,5-тен 15,0-ке дейін	25,0-тен 27,0-ге дейін
1,5	1,0	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	17,0-ден 20,-ға дейін	29,0-дан 32,0-ге дейін
1,5	1,5	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	3,0	14,5-тен 16,0-ға дейін	26,0-дан 28,0-ге дейін
1,5	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	3,0	19,0-дан 22,0-ге дейін	31,0-ден 34,0-ке дейін

3-кесте - Жартылай үймедегі жер белдеуінің ені (жалғасы)

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
түбі бойынша ені, м	ctg a ₁	ctg a ₂	құрылыс тереңдігі $i h_{кұр.}$, м	үйме тереңдігі $h_{ү.}$, м	бөгет ені үстінен a , м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
1,5	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	3,0	23,5-тен 28,0-ге дейін	36,0-дан 41,0-ге дейін
1,5	2,0	2,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	24,5-тен 28,0-ге дейін	37,0-ден 41,0-ге дейін
1,5	2,0	2,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	30,5-тен 36,0-ға дейін	44,0-тен 50,0-ге дейін
2,0	1,0	1,5	1,0	0,5-тен 0,9-ға дейін	4,0	16,0-дан 17,5-ке дейін	40,0-тан 42,0-ге дейін
2,0	1,5	3,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	31,5-тен 39,5-ке дейін	58,0-ден 67,0-ге дейін
2,0	2,0	3,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	27,5-тен 32,5-ке дейін	53,0-тен 59,0-ға дейін
2,0	2,0	3,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	34,5-тен 42,5-ке дейін	51,0-ден 70,0-ке дейін
2,5	1,5	3,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	26,0-дан 31,0-ге дейін	45,0-тен 54,0-ке дейін
2,5	1,5	3,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	32,0-ден 40,0-қа дейін	52,0-ден 70,0-ке дейін
2,5	2,0	3,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	28,0-ден 33,0-ке дейін	49,0-дан 57,0-ге дейін
2,5	2,0	3,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	35,0-тен 43,0-ке дейін	61,0-ден 75,0-ке дейін
3,0	1,5	1,5	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	22,5-тен 25,5-ке дейін	46,0-дан 53,0-ке дейін
3,0	1,5	1,5	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	27,0-ден 31,5-ке дейін	56,0-дан 66,0-ға дейін
3,0	2,0	2,0	2,0	1,0-ден 1,9-ға дейін	4,0	26,0-дан 29,5-ке дейін	54,0-тен 64,0-ке дейін
3,0	2,0	2,0	3,0	1,5-тен 2,9-ға дейін	4,0	32,0-ден 37,5-ке дейін	68,0-ден 80,0-ге дейін

4-кесте – Үймедегі жер белдеуінің ені

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
Түбі бойынша ені, м	ctg a ₁	ctg a ₂	құрылыс тереңдігі h _{құр.} , м	үйме тереңдігі h _{ү.} , м	бөгет ені үстінен a, м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
0,6	1,0	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	12,0-ден 14,5-ке дейін	47,0-ден 49,0-ға дейін
0,6	1,5	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	12,5-тен 15,5-ке дейін	48,0-ден 50,0-ге дейін
0,8	1,0	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	12,5-тен 15,0-ке дейін	48,0-ден 50,0-ге дейін
0,8	1,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	3,0	15,0-тен 20,0-ға дейін	50,0-ден 54,0-ке дейін
0,8	1,5	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	13,0-тен 16,0-ға дейін	48,0-ден 51,0-ге дейін
0,8	1,5	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,0-ге дейін	3,0	16,0-дан 22,0-ге дейін	51,0-ден 56,0-ға дейін
1,0	1,0	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	12,5-тен 15,0-ке дейін	48,0-ден 51,0-ге дейін
1,0	1,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	3,0	15,0-тен 20,0-ға дейін	51,0-ден 56,0-ға дейін
1,0	1,5	1,5	0,5-тен 1,0-ге дейін	0,6-дан 1,1-ге дейін	3,0	13,0-тен 16,0-ға дейін	49,0-дан 52,0-ге дейін
1,0	1,5	2,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	3,0	17,5-тен 25,5-ке дейін	53,0-тен 60,0-қа дейін
1,5	1,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	3,0	15,6-дан 20,5-ке дейін	50,0-ден 54,0-ке дейін
1,5	1,5	2,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	3,0	18,0-ден 25,0-ке дейін	52,0-ден 58,0-ге дейін
1,5	1,5	3,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	31,5-тен 40,5-ке дейін	63,0-тен 70,0-ке дейін
1,5	2,0	3,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	33,5-тен 43,5-ке дейін	64,0-тен 72,0-ге дейін
2,0	1,0	1,5	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	4,0	18,0-ден 23,0-ке дейін	54,0-тен 59,0-ға дейін
2,0	1,5	2,0	1,0-ден 2,0-ге дейін	1,1-ден 2,1-ге дейін	4,0	20,5-тен 27,5-ке дейін	57,0-ден 64,0-ке дейін
2,0	1,5	1,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	27,5-тен 34,5-ке дейін	64,0-тен 71,0-ге дейін
2,0	2,0	3,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	34,0-тен 44,0-ке дейін	70,0-тен 81,0-ге дейін

4-кесте – Үймедегі жер белдеуінің ені (жалғасы)

Канал параметрі						Бөліп берілетін жер белдеуінің ені, м.	
Түбі бойынша ені, м	ctg a ₁	ctg a ₂	құрылыс тереңдігі $h_{кұр.}$, м	үйме тереңдігі $h_{ү.}$, м	бөгет ені үстінен а, м	мерзімсіз пайдалану B	уақытша пайдалану L
1	2	3	4	5	6	7	8
2,5	1,5	",0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	28,0-ден 35,0-ке дейін	70,0-тен 79,0-ға дейін
2,5	2,0	3,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	34,5-тен 44,5-ке дейін	77,0-ден 85,0-ке дейін
3,0	1,5	2,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	28,5-тен 35,5-ке дейін	75,0-тен 85,0-ке дейін
3,0	2,0	3,0	2,0-ден 3,0-ке дейін	2,1-ден 3,1-ге дейін	4,0	35,0-тен 45,0-ке дейін	84,0-тен 100,0-ге дейін

Ескертпелер

1 1 - 4 кестелерде келтірілген мерзімсіз және уақытша пайдалануға берілетін жер белдеулерінің ені шұңқырда каналдың өтуі кезінде канал қасының немесе жартылай шұңқырда, жартылай үймеде және үймеде каналдың өтуі кезінде бөгеттің табанының екі жағынан ені 1 метр сақтандырғыш белдеуді ескере отырып анықталды.

2 Уақытша пайдалануға берілген жер белдеулерінің еніне үйінді мен резервтер алып жатқан белдеулер енгізілген, жұмыс аяқталғаннан кейін олар ауылшаруашылығында пайдалануға болатындай жарамды жағдайға келтіріледі.

3 Каналдарды жобалау барысында отырғызылатын топырақта топырақтың басылуынан деформацияланғанда сақтандырғыш белдеудің ені

0,2 метрге дейін 5 метр қабылдануы керек;

0,2-ден жоғары 0,5-ке дейін 7 метр қабылдануы керек;

0,5-тен жоғары 10 метр қабылдануы керек.

Канал трассасының бойында шөгуді деформациясы аяқталғаннан кейін сақтандырғыш белдеудің ені 1 метр болып қабылданады.

4 Вегетация кезінде каналды тазарту қажеттілігіне байланысты жерді қатты лайланған сумен суғару үшін мелиорация каналдарын жобалау барысында белгіленген тәртіппен бекітілген жобамен сақтандырғыш белдеудің ені анықталады.

5 Мерзімсіз және уақытша пайдалануға бөліп берілген жер белдеулерінің ең үлкен (ең кіші) мағыналары каналдар (өтетін) үшін мыналарға сәйкес келеді:

шұңқырда (1-кесте) – құрылыс тереңдігінің ($h_{кұр.}$); ең үлкен (ең кіші) мағыналарымен;

жартылай шұңқырда (2-кесте) – шұңқыр тереңдігінің ($h_{ш.}$); ең үлкен (ең кіші) мағыналарымен;

жартылай үймеде (3-кесте) – үйме биіктігінің ($h_{ү.}$); ең үлкен (ең кіші) мағыналарымен;

үймеде (4-кесте) – құрылыс тереңдігінің ($h_{кұр.}$); ең үлкен (ең кіші) мағыналарымен және үйме биіктігімен ($h_{ү.}$).

1-4 кестелерде келтірілген мағыналардан айырмашылығы бар $h_{кұр.}$, $h_{ш.}$, $h_{ү.}$ аралық мағыналар болғанда бөліп берілетін жер белдеулерінің ені интерполяция бойынша анықталады.

ҚР ЕЖ 3.04-113-2014

6 Шығыны $10 \text{ м}^3/\text{с}$ дейін болатын, бірақ құрылыс тереңдігі 3 метрден асатын немесе өтетін тұрақсыз топырақтағы каналдар үшін беткей салу көлемі мен бөліп берілетін жер белдеулерінің ені жобамен анықталады.

4.4 Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың негізгі ережелері

4.4.1 Жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін ерекше жағдайларда, бұл мұқтажды өзге де тәсілмен қанағаттандыру мүмкін болмағанда сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін. Заңда көрсетілген басқа жағдайлармен қатар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару үшін мелиорация каналдарының құрылысын салу осындай ерекше жағдай болып табылады.

4.4.2 Мемлекет мұқтажын қанағаттандырудың өзге (балама) тәсілі болған кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейді.

4.4.3 Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажын қанағаттандыруға қажетті көлемде ғана жер учаскесін немесе басқа жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол беріледі.

4.4.4 Егер жер пайдаланушы берілген құқықты мемлекеттен сатып алмаған болса, жер уақытша пайдалануға берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін (мелиорация каналының құрылысы) мәжбүрлеп иеліктен шығару - жер пайдалану құқығы сатып алынбай жүзеге асырылады. Жер пайдаланушыларға залалдар толық көлемде өтеледі, сонымен қатар олардың қалауы бойынша басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

4.4.5 Қазақстан Республикасы Жер кодексінде көзделген ерекше жағдайларда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген құзыретіне сәйкес жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданады.

4.4.6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы қаулысы оны қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісінше республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

4.4.7 Егер жер учаскесіне жеке меншік құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген болса, меншік иесі осы қаулы қабылданғаннан кейін оған қатысты қаулы қабылданған жер учаскесіне жеке меншік құқығын растау бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асыра алады. Бұл ретте, осы қаулыда белгіленген мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі алты айдан аспайтын уақытқа ұзартылады.

4.4.8 Атқарушы орган көрсетілген қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны жібереді. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама

заңдық талап ретінде «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

4.4.9 Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алынуына байланысты жер учаскесін немесе басқа жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару қаулысымен белгіленген мерзім аяқталған соң меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен, егер Қазақстан Республикасының заңымен өзге ештеңе қарастырылмаса не болмаса соттың шешімімен жүзеге асырылады.

4.4.10 Концессиялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алынуына байланысты жер учаскесін немесе басқа жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жергілікті атқарушы органдар концессионер қаржысы есебінен жүзеге асыра алады. Концессия келісімшартында қарастырылған шарттар мен мерзімде олар сатып алған жер учаскелерін концедентке, бірақ мемлекет меншігіне концессия объектісін немесе концессия объектісінің аяқталмаған құрылысын тапсырғаннан кешіктірмей тапсыру міндетті болып табылады.

4.4.11 Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарт немесе соттың шешімі жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға негіз болып табылады.

4.4.12 Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарт жобасын жергілікті өкілді органның тұрақты комиссиясы ол енгізілген сәттен бастап екі апта мерзімнен кешіктірмей, меншік иесін және иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғаларды міндетті түрде шақыра отырып қарайды.

4.4.13 Мемлекет мұқтажы үшін (мелиорация каналының құрылысы) мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде сатып алынатын жер учаскесінің құны, сатып алу мерзімі және басқа шарттар Қазақстан Республикасының заңнамалық ережелеріне сәйкес жер учаскесі меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен анықталады.

